

Әнегелі
мір

КЕМЕЛ ТОҚАЕВ



КАЗАК
УНИВЕРСИТЕТІ
БАСПАҰЙЫ



Ә Н Е Г Е Л І Ә М І Р



Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
Ғылыми кеңесінің шешімімен
бекітілген

Бас редактор: Ғ.М. Мұтанов
Орынбасарлары: Б.Ө. Жақып
З.А. Мансұров

Жауапты хатшы: Н.Е. Қопабаева

Редакциялық жұмыс тобы:

С. Медеубекұлы

А. Рамазан

Н. Дәуешов

Қ. Мұқатаева

Құрастырушы: Д. Смайыл

Редакторлар: А. Ауанова

А. Суталиева

Беттеген және мұқабасын
көркемдеген: Н. Қопабаева

Редакция мекенжайы:

Алматы қ., Әл-Фараби даңғ., 71,

«Қазақ университеті» баспа үйі

тел.: 221-11-74

**Республикалық «Өнегелі өмір»
сериялық кітап редакциясы
қоғамдық кеңесінің мүшелері**

Кеңес төрағасы: О.О. Сүлейменов

Әбдіжәміл Нұрпейісов

Әбілфайыз Ыдырысов

Болат Көмеков

Кенжеғали Сағадиев

Көпжасар Нәрібаев

Қуаныш Сұлтанов

Мәулен Әшімбаев

Мұрат Әуезов

Мұрат Жұрынов

Мұхтар Құл-Мұхаммед

Мырзатай Жолдасбеков

Нұрлан Оразалин

Роллан Сейсенбаев

Сағымбай Қозыбаев

Сауытбек Абдрахманов

Сейіт Қасқабасов

Сергей Терещенко

Сұлтан Сартаев

Төлеген Қожамқұлов

Уахит Шәлекенов

156-шығарылым

ӘОЖ 821.512.122.0

КБЖ 83.3 (5 Қаз)

Т 52

*Баспаға әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
Редакциялық-баспа кеңесінің шешімімен ұсынылған*

Тоқаев К.

Т 52 Өнегелі өмір / ред. басқ. Ғ.М. Мұтанов / Құраст. Д. Смайыл. – Алматы: Қазақ университеті, 2018. Ш. 156. – 401 б., сур.

ISBN 978-601-04-3362-5

Бұл кітап ұлт журналистикасын кәсіби деңгейге көтеруге атсалысқан сара сөздің сардары, белгілі публицист, тұңғыш қазақ детектив жазушысы Кемел Тоқаевтың ұлт руханияты үшін еткен еңбегінен, ғибратты ғұмырынан сыр шертеді. Онда көркемсөз шеберінің «Сарғабанда болған оқиға», «Түнде атылған оқ» повестері, «Соңғы сокқы» романы, «Милиция – қорғаным» пьесасынан үзінді берілген. Сондай-ақ мұрағат құжаттары, фотосуреттер, замандастарының, әріптестерінің, шәкірттерінің ыстық лебізге толы естеліктері қамтылды.

Кітап көпшілік оқырманға арналады.

ӘОЖ 821.512.122.0

КБЖ 83.3 (5 Қаз)

ISBN 978-601-04-3362-5

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2018

© Смайыл Д., 2018

Құрметті оқырман!

Ел тағдыры безбенге салынып, ер басына күн туған Ұлы Отан соғысының отты кезеңінде халқымызды тарихтың қатал сынынан аман алып өткен, қаһармандық пен жасампаздыққа толы сол бір сындарлы жылдарды ерен еңбегі арқылы тәуелсіз Қазақстанның бүгінгі бақытты болмысына ұластырған аға ұрпақ өкілдері болатын. Өртеңге шыққан балауса құрақтай осынау қуатты толқын маңдайына қазақтың іргелі ғылымының, кәсіби білікті өнерінің, сан салалы, арналы әдебиетінің тұғырын төсеу бұйырыпты. Майдан ақиқатын жан жүрегімен сезініп, оқ пен оттың ортасынан аман келген жасауынгер-қаламгерлер Ілияс Есенберлин мен Әбдіжәмил Нұрпейісов тарихи роман негізін салса, Тахауи Ахтанов психологиялық драманы, Қасым Аманжолов пен Сырбай Мәуленов азаматтық лириканы жаңа, заманауи биікке көтерді. Осынау біртуар шоғырда талантты көркемсөз шебері Кемел Тоқаев иеленер орын ерекше. Саналы ғұмырын сөз өнерінің журналистика мен ресми аударма сынды ұшқыр салаларына арнаған қаламгер қазақ прозасының детектив сынды бітімі бөлек жанрын өмірге әкелді. Руханият кеңістігіндегі жыл құсындай жаңалықты таразыға тартып, сараптап отыратын талғампаз сын жазушының шытырман оқиғаларға құрылған шығармаларын әдеби үдерістегі соны құбылысқа балады.


Жазушы Кемел Тоқаевтың көркемдік құбыланамасының адамгершілік, адалдық пен әділдік, адамгершілік пен бауырмалдық сынды адами қасиеттерге бағдарлануының өзіндік сыры, себебі бар. Халқымызды алапат апатқа ұшыратқан 1931–1932 жылдардағы ашаршылық кезінде сонау Қырғызстанға, Бішкекке бас сауғалап барған бала Кемелдің әкесі мен анасы, қарындасы қайғылы жаздайда қайтыс болып, ағасы Қасым екеуі балалар үйінде тәрбиеленеді. Қасым 1942 жылы жасамен шайқаста ерлікпен қаза табады. Жар дегенде жалғыз бауырынан айырылу Кемелге оңай соқпайды, оның жүрегінде мәңгілік жазылмастай жара қалдырады. Болашақ жазушы да орта мектепті бітірісімен майданға алынып, Бішкектегі әскери училищеден соң Сталинград майданының 226-атқыштар дивизиясының қатарында бөлімше командирі болып соғысқа кіріп, жараланады. Жарақаты жазылған Кемел Сталинград, Оңтүстік Батыс, 1-Украина, 2-Беларусь майдандарында 7-гвардияшылар полкімен жасаға қарсы ұрысады, көрсеткен ерлігі үшін I және II дәрежелі Отан

соғысы ордендерін, «Ерлігі үшін» және «Сталинградты қорғағаны үшін» медальдарын омырауына тағады.

Талапты да талантты жас оқи жүріп, студент кезінде-ақ жастардың «Лениншіл жас» газетінде тілшілік қызмет істейді. Оқуын тәмамдаған соң Кемел Тоқаев Жамбыл облыстық газетіне жолдамамен жіберіліп, өңірлік баспасөздің қазанында қайнады. Одан кейін астанаға қайта шақырылып, «Лениншіл жас», «Қазақстан пионері», «Социалистік Қазақстан» секілді ең беделді республикалық басылымдарында жұмыс істейді. Біліктілігі мен сапалы ұйымдастырушылығының арқасында аталған ақпарат құралдарында басшылық қызметтерге дейін көтерілді. Басылымның бүкіл өндірістік әрі шығармашылық тірлігі тоғысатын бұл қызметті абыроймен атқарған Кемел Тоқаев біраз жылдан кейін елдің заң шығарушы билігінің ресми органы – Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің «Жаршысына» ауысып, мұнда ұзақ жылдар хатшы, жауапты редактор болып абыройлы қызмет атқарады. Осы уақыттың ішінде Кемел Тоқаев қазақ баспасөзінің тарихында келелі істер атқарған тұлға ретінде қалып, руханият пен әдебиет әлемінде де жарқырап көрінді. Шығармашылық жетістіктермен астасқан жемісті жұмысы үшін көптеген марапаттарға ие болды.

Әдебиетіміздегі тың салаға түрен салған қарымды қаламгердің, журналистердің талантты толқынын тәрбиелей отырып, кәсіби қазақ тілін қалыптастыруға, әсіресе заңға байланысты атау сөздерді бір ізге түсіруге, мемлекеттік терминология комиссиясынан өткізуге белсене араласқан мемлекет қайраткерінің өміршең туындылары бүгінгі күн рухымен үндесіп, отаншыл жас ұрпақтың рухани игілігіне айналып отыр.

**Бас редактор,
ректор**



Ғ.М. Мұтанов

КЕМЕЛ ТОҚАЕВ (1923–1986)

Жазушы, журналист, мемлекет қайраткері, Ұлы Отан соғысының ардагері. 1923 жылы 2 қазанда Алматы облысының Қаратал ауданында туған. Шымкент қаласында орта мектепті тәмамдағаннан кейін Қызыл армия қатарына алынып, Бішкек қаласындағы әскери училищені аяқтаған соң Сталинград майданының 226-атқыштар дивизиясында бөлім командирі бола жүріп соғысқа қатысқан, жараланған. Госпитальдан кейін 7-гвардияшылар танк полкімен Сталинград, Оңтүстік Батыс, 1-Украина, 2-Беларусь майдандарында болған. Отан соғысында көрсеткен ерлігі үшін I және II дәрежелі Отан соғысы ордендерімен, «За отвагу» және «За оборону Сталинграда» медальдарымен марапатталған.

Ұлы Отан соғысынан оралғаннан кейін Кемел Тоқаев С.М. Киров атындағы (қазіргі әл-Фараби атындағы) университеттің тарих-филология факультеті журналистика бөлімін тәмамдады. Университетте оқи жүріп «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас Алаш») газетінде қызмет атқарады. Оқуын аяқтаған соң Жамбыл облыстық газетінде 1948–1949 жылдары әдеби қызметкер болды. Бұл жұмыстан «Лениншіл жас» газетіне қызметке шақырылып, аталған басылымда 1949–1953 жылдары студент жастар бөлімін басқарады және осы кездері жеке әңгіме, повестері жарық көре бастайды. Бұдан кейін «Қазақстан пионері» газетінде редактор болып қызмет атқарады. Қаламы ұшталған, ұйымдастырушылық қабілетімен танылған, өмірдің әр саласын терең зерттеп, шебер жаза білетін журналист-жазушы 1956–1960 жылдар аралығында «Социалистік Қазақстан» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газетінде жауапты хатшы, редколлегия мүшесі болып қызмет атқарады. 1960 жылдың мамыр айында Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі «Жаршысына» қызметке ауысады, бұл мекемеде 17 жыл – 1977 жылдың қазан айына шейін алғашқыда хатшы, соңынан 11 жыл бойы жауапты редактор болып абыройлы қызмет атқарады. 1980–1984 жылдары Қазақстан Жазушылар одағының әдеби кеңесшісі болады.

Кеңес чекистері тақырыбына арналған оннан астам кітабы қазақ және орыс тілдерінде басылып шыққан. Қазақстан Жазушылар одағы мен Қазақ КСР Ішкі істер министрлігі жариялаған әдеби бәйгелерде бірінші бәйге алып, төрт мәрте лауреат атанған. «Қызыл комиссар», «Қылмыскер кім?» және «Сықырлы сырлар» деп аталатын

пьесалардың авторы. Бейбіт өмірде еңбектегі және шығармашылық қызметтегі жетістіктері үшін Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет Грамоталарымен, КСРО Ішкі істер министрлігінің Құрмет Грамотасымен және төсбелгісімен марапатталған. Қазақ мемлекеттік көркем әдебиет баспасынан 1954 жылы «Жұлдызды жорық» атты әңгімелер жинағы, 1958 жылы «Қыс қарлығашы» повесі, 1955, 1958, 1972, 1975 жылдары «Қазақстан» баспасынан «Болашақ туралы ойлар» атты повестер мен әңгімелер жинағы, «Жазушы» және «Қазақстан» баспаларынан 1955, 1958, 1972, 1975 жылдары «Түнде атылған оқ» атты повестер жинағы, 1971–1972, 1976 жылдары «Қастандық» атты повесі, 1971, 1972, 1975, 1976 жылдары «Арнаулы тапсырма» атты повесі, 1965, 1968, 1976 жылдары «Сарғабанда болған оқиға» атты повесі, 1977 жылы «Таңбалы алтын» повесі, 1981 жылы «Соңғы соққы» романы, 1983 жылы «Солдат алысқа кетті» және «Ұясынан безген құс» романдары жарық көрген және қайта басылып шыққан.

ТҰЛҒА ТУРАЛЫ ТОЛҒАНЫС

Ол уақытта жазушылық қағиданы онша білмейтін мен:

– Жүмеке, мен туралы Ғабдол Сланов аға «Алтай баласы» деген кітап жазып қойды ғой. Тым артықтау болмас па екен, – дедім.

– Әр жазушының жазу стилі әр басқа. Кейін сен де қолыңа қалам алар болсаң, шығармашылық өз соқпағыңды іздейтін боласың, – деген түйін айтты.

Бір күні Кемелге кездескенде, Украинаға барып қайтқалы жүргенімді айттым. Ол аз ойланып тұрды да:

– Менің Сізбен бірге барғаным жақсы болар еді, – деген тілек білдірді.

– Еш қарсылығым жоқ. Өзіндей талантты қаламгерге ондағы қандыкөйлек партизан достарымды таныстырар едім, – деп есе жөнелдім. Үш-төрт күннен кейін ол қызмет орнынан демалыс алып, екеуміз жолға шықтық.

Киев қаласына барып түсісімен бірден Украина Жоғарғы Кеңесінің ғимаратына келдік. Ол кезде Жоғарғы Кеңес төрағасының орынбасары Кеңестер Одағының Батыры атағын екі рет алған атақты генерал-майор Сидор Артемьевич Ковпак болатын. Ол кісі әрі Жоғарғы Кеңес жанындағы партизандар қозғалысы комитетінің төрағасы ретінде Жоғарғы Кеңеске келген партизандарды кезексіз қабылдайтын. Біз келіп, жөнімізді айтқан соң, екеумізді ол кісінің қабылдауына енгізді. Сидор Артемьевич бұрынғы әдеті бойынша орнынан жайлап тұрып келіп, менімен құшақтасып амандасып, саулықтан соң екеумізге стол жанынан орын ұсынды. «Мына жігіт кім?» дегендей Кемелге қарады.

– Бұл – осы Украина жерлерінде соғысқан майдангер-жазушы, Украина партизандары жайлы кітап жазу ниетімен келген Кемел Тоқаев, – деп таныстырдым. Ол Кемел деуге тілі келмей, «Кимал» деп киналды. Қабылдау соңында генерал бізге Киев төңірегін аралауға машина беретінін айтып, қаражат жағынан да көмектесетінін ескертті. Кемел ол кісінің алдынан шыққан соң маған:

– Көлікпен қамтамасыз еткеніне рақмет, ал қаражат алғанмыз, Қаске, ұят болар, – деді. Кемел сөзі орынды, арлы адамның сөзі еді, мен келістім. Киев қаласындағы оншақты партизандар арасында кездесуде қонақта болып, олармен бірге соғысқан майдангерлерше достасып, тез тіл табысып кетті. Екі-үш күннен кейін Борисполь, Переслав-Хмельницкий аудандарындағы партизандарды аралап, Ұлы Отан соғысы тарихында қисапсыз қанды қырғын бояуымен

ерекше есте қалған Букрин плацдармы басталған Григорьев село-сы тұсындағы атақты өткелге келдік. Міне, Днепрдің шығыс жақ жағасында – Григорьевка селосының қарсысында тұрмыз. Өзеннің он жағы таулы, сол жағы жадағай, жазық. Осы он жақтағы таулы беткейге бекініп, бет қаратпай тұрған жау бекінісін бұзып өту міндеттелген. Биіктен жауған оқ бас көтертпейді. Днепр бойын жүздеген ұшақ тоқтаусыз бомбалап, су арнасынан асып-тасып жатты. Тажал аузында тұрғанымызға қарамастан, қыркүйектің 21-інен 22-сіне қараған түні өз отрядымнан 120 партизан іріктеп алып, қол қайықпен арғы жағалауға өтіп шығып, жау техникасына толып тұрған Григорьевка селосын фашистерден азат етіп, артта келе жатқан Қызыл Армияға жол ашқанымды Украинаның куәгер партизандарының өз ауыздарынан естігенде Кемел:

– Ойпырым-ау, неткен ғажап ерлік еді. Сол ерлігіңізге батыр атағын қайтсем де алып беремін, – деп жарлық та, билік те өз қолында тұрғандай, айбаттанып, қолымды қатты-қатты қысып еді. Адал жүректі, ақ пейілді асыл азаматтың айтқаны арада жарты ғасыр уақыт өткен соң болса да, айдай келді. Елбасымыз: «Ерлік ешқашан ескірмейді», – деп, кеудеме батырлық белгісі – Алтын Жұлдызды ақыры қадады. Кемелдей тілекші қаламгер інімнің де көкейін өртеген ақ арманы түбі орындалды...

Сол сапарда біз соғысқан жерлерді, сондай-ақ фашистер басып алған елді мекендердегі жергілікті халықтарды зорлық-зомбылықпен қамаған, кейіннен біз келіп, тас-талқанын шығарған абақтыларды, соғыс тұтқындары азап шеккен лагерлер орындарын Кемел көрді. Партизандармен түн ұзақ көз ілмей әңгімелесіп, материал жинайтын. Тіпті менен естігендерін басқалардың айтқан әңгімелерімен салыстырып, ой елегіне салып, елеп-екшеп отыратын. Өліммен арпалысында бірге болған партизан жолдастарымды аман-есен көргеніме мәз болып мен жүрмін.

Елге қайтуға жинала бастадық. Кемел қайтар кезде:

– Қаске, мен Украинаның орманды жазық даласында болған атыс-шабыс орындарынан ғана материал жинақтап үлгердім. Осынау Карпат тауындағы қанды қырғын шайқас болған жерлерді көрсе ғой, шіркін! Бұл жолы оның сәті түспеді-ау, – деп өкінді. Көріп-білуге деген құмарлық-ай десеңші.

Елге келген соң, көп ұзамай партизандар өмірінен жазылған «Арнаулы тапсырма» атты кітабы қазақша жарық көрді. Кітапта

адам, жер, село-қала аттары еш өзгертілмеген. Тек менің есімімді Қали деп алыпты.

Онысы мүмкін сол кездегі тірі кейіпкерлер аты-жөнін өзгертіп алу, олардың прототипін ғана жасау қағидасын бұзғысы келмегендігінен болар. Өзі ашылып айтпады, мен сұрамадым. Украинаға келесі жолы барғанымда, қазақшаны түсінбесе де, аттары жазылған партизандар өз есімдерін оқып жүрсін деп, кітаптың оншақты данасын апарып таратып бергемін. Олар кітапты украин тіліне аудартапқышы болған екен, бірақ олардың дыбыс қуалаған тарихшылары бұл өңірде Қали дегеннің партизан отряды болған жоқ деп, рұқсат бермеді.

Кемел өмірінің соңғы жылдары Жазушылар одағында кеңесші болып істеп жүрген күндерінің бірінде: «Қазір кезінде қуғын-сүргін көргендерді де ақтап жатыр ғой, Қаске. Мен сізді де «ақтадым». Өткендегі қазақша шыққан кітаптың «Особое задание» деп аталған орысша басылымында сіздің аты-жөніңізді өзгертпей алдым», – деп, маған кітабын табыс етті. Мен рақмет айтып, ризашылығымды білдірдім.

Кейінгі жылдары Украинаға бара қалсам, ондағы партизандар: «Кемел қайда, ол неге келмейді?» деп жамырай сұрайтын болды. Мен не дерімді білмей, партизандар әдеті бойынша екі алақаныммен бетімді басамын, көзіме жас толып кетеді. Олар бір сұмдықтың болғанын, сұм ажал оны жалмап қойғанын түсініп, мені күйзелткілері келмей, әңгімені басқа жаққа бұрып әкетеді.

Кемелдің үлкен жүректі азамат, шынайы талант иесі екенін украиналықтар да мойындаған болатын.

Сонау сұрапыл жылдардағы соғыс майданының жауынгері, одан кейінгі жылдардағы әдебиет майданының майталман өкілдерінің бірі – Кемел Тоқаев жазушылық кемел шағында дүниеден өтіп еді. Оның қалдырған мол мұралары әдебиетіміздің телегей-теңіз шалқарына қосылған рухани байлық екені даусыз.

Азамат. Кемел Тоқаев. Өмірі мен тағдыры.

– Алматы, 2003.

ДОС ҚОЛТАҢБАСЫ (Естелік-этиюд)

Кейбіреулер естелік жазуды оңай деп есептейді. «Онда не тұр: көрген-білгенінді қағазға түсіре саласың – бітті!» дейді.

Ауызбен айтуға ғана оңай. Қолыңмен жаза бастасаң, тіпті де оңай емес. «Көрген-білгенің» биылғы немесе былтырғы болса бір сәрі! Бұдан он немесе отыз жыл бұрынғы қызметтес болған жолдасыңның немесе 40-50 жыл бұрын университетте бірге оқыған студент досыңның мінез-құлқын, істеген ісін, айтқан әзілін айнытпай қағазға түсіріп көр.

«Біз қашан, қалай кездесіп, не туралы әңгімелесіп едік?» дейсің. Ойыңа түсіре алмағаннан кейін ол адаммен ешқандай қарым-қатынаста болмаған да сияқтанасың. Бірақ, онымен бір оқу орнында оқығаның, қатар өмір сүргенің аян. Ендеше есте ештеңе қалмауы мүмкін емес. Ары ойлап, бері ойлап, өткен күндер ұшығын ұстатпай, дел-сал күйге түсесің.

Бейтаныс суретші Шолпан Нұраханова алғаш телефон соққан кезде мен осындай күйде болдым.

– Ағай, сіз Кемел Тоқаевпен университетте бірге оқыпсыз, «Социалистік Қазақстан» газетінде қатар қызмет істепсіз, Жазушылар одағында да сан рет жүздесіп жүріпсіз. Енді сол кісі туралы естелік жазып беріңіз, – деп өтінді ол.

– Бәрі рас, қарағым, ойланайын, – дедім оған.

Үш күннен кейін Шолпан қайтадан хабарласты.

– Ойландыңыз ба, аға? – деді.

– Естелік деген шындық пен шығарманың ортасындағы жанр. Шындықтың шылбыры қолыңа тисе ғана шығарма туады. Сол шылбырдың ұшынан ұстай алмай жатырмын, Шолпан, – деймін мен сөзімді бұлдырата сөйлеп.

– Ұқпадым, аға, – дейді Шолпан шынын айтып.

– Кемел нағашың туралы ойыма ештеңе түспей жатыр, қалқам. «Нағашың» дегенім өткен жолы ол өзінің Кемел Тоқаевтың жиені екенін айтқан. «Кемелдің әкесі Тоқай. Тоқайдың әкесі Балтай. Балтай мен Бисара екеуі бірге туған. Мен Бисараның шөбересімін» деген. Өзі сурет өнерімен шұғылданатын суретші екен.

ДОС ҚОЛТАҢБАСЫ

(Естелік-этиюд)

Кейбіреулер естелік жазуды онай деп есептейді. «Онда не тұр: көрген-білгенінді қағазға түсіре саласың – бітті!» дейді.

Ауызбен айтуға ғана онай. Қолыңмен жаза бастасаң, тіпті де онай емес. «Көрген-білгенің» биылғы немесе былтырғы болса бір сәрі! Бұдан он немесе отыз жыл бұрынғы қызметтес болған жолдасыңның немесе 40-50 жыл бұрын университетте бірге оқыған студент досыңның мінез-кұлқын, істеген ісін, айтқан әзілін айнытпай қағазға түсіріп көр.

«Біз қашан, қалай кездесіп, не туралы әңгімелесіп едік?» дейсін. Ойыңа түсіре алмағаннан кейін ол адаммен ешқандай қарым-қатынаста болмаған да сияқтанасың. Бірақ, онымен бір оқу орнында оқығаның, қатар өмір сүргенің аян. Ендеше есте ештеңе қалмауы мүмкін емес. Ары ойлап, бері ойлап, өткен күндер ұшығын ұстатпай, дел-сал күйге түсесін.

Бейтаныс суретші Шолпан Нұраханова алғаш телефон соққан кезде мен осындай күйде болдым.

– Ағай, сіз Кемел Тоқаевпен университетте бірге оқыпсыз, «Социалистік Қазақстан» газетінде қатар қызмет істепсіз, Жазушылар одағында да сан рет жүздесіп жүріпсіз. Енді сол кісі туралы естелік жазып беріңіз, – деп өтінді ол.

– Бәрі рас, қарағым, ойланайын, – дедім оған.

Үш күннен кейін Шолпан қайтадан хабарласты.

– Ойландыңыз ба, аға? – деді.

– Естелік деген шындық пен шығарманың ортасындағы жанр. Шындықтың шылбыры қолыңа тисе ғана шығарма туады. Сол шылбырдың ұшынан ұстай алмай жатырмын, Шолпан, – деймін мен сөзімді бұлдырата сөйлеп.

– Ұқпадым, аға, – дейді Шолпан шынын айтып.

– Кемел нағашың туралы ойыма ештеңе түспей жатыр, қалқам. «Нағашың» дегенім өткен жолы ол өзінің Кемел Тоқаевтың жиені екенін айтқан. «Кемелдің әкесі Тоқай. Тоқайдың әкесі Балтай. Балта мен Бисара екеуі бірге туған. Мен Бисараның шөбересімін» деген. Өзі сурет өнерімен шұғылданатын суретші екен.

*Мұхтар КӘРІБАЙ,
Қазақстан Республикасының
Тәжікстандағы елшілігінің кеңесші-уәкілі*

КЕМЕЛ ТОҚАЕВТЫҢ «СОЛДАТ СОҒЫСҚА КЕТТІ» РОМАНЫ ТУРАЛЫ ОЙ

Екінші дүниежүзілік соғыстың жауынгері, сержант, бейбіт өмірде журналист, жазушы, қоғам қайраткері Кемел Тоқаевтың шоқтықты туындысы «Солдат соғысқа кетті» романы анығында автобиографиялық шығармасы болғандықтан, барынша нақтылығымен, шыншылдығымен, содан да болар, оқырман жүрегіне ауырлығымен де ерекшеленеді. Өйткені бауырды бауыр өлтірген мағынасыз азаматтық соғыстан, қисапсыз зорлық-зомбылықтан, қайырсыз аштықтан, катыгез қуғын-сүргіннен аяусыз қырылған миллиондаған адамдардың сүйегінің үстіне орнатылған Кеңес одағының тарихының өзі жазылмас қасіретпен барабар екендігі баршаға мәлім. Кеңес билігінің өрескел қателігінен айқын төніп келе жатқан агрессия алдында қамсыз қалғандықтан да, соғыстың алғашқы күндері-ақ қисапсыз қырғынға ұшыраған қарапайым халықпен бірге, қолына қару ұстап үлгірмеген мыңдаған әскери боздақтардың баудай түскені де көпке дейін айтылмай келді.

Романның бас кейіпкері Мұхамед бар-жоғы он сегіз жасында алапат соғысқа аттанған жап-жас қазақ жауынгері елден, жерден тым жырақтағы жойқын майданның қақ ортасына барып түседі. Осылайша, әлі алдынан талай шығар от пен суды кешіп үлгірмеген сарыауыз солдаттың жорығы оларды әкеле жатқан эшелонға тұтқиылдан шабуылдаған жау ұшақтарының мазақ бомбалары мен оқтарының астында қалған сәтінен басталуының өзі оқырман бойын тез жинатады. Ел демекші, Мұхамедтің туған елінде бүкіл әулетінен – әке мен шешеден, аға мен қарындастан ешкім қалмаған. Қазақ даласында қолдан ұйымдастырылған жойқын аштықтан шошына қашып, дүниенің түкпір-түкпіріне босып кеткен қалың халықтың ішінде Жетісудың Қаратал бойындағы құтты мекендерін амалсыз тастап шыққан Мұхамедтің де әулеті бар еді. Алайда, адам баласы үшін барша ғаламдағы ең қуатты тірегі – табан тіреп тұрған туған жерінен амалсыз безініп, жат жұртта панасыз қалғандықтан, ақыры үйірілген зұлмат қоймастан түбіне жете, бір отбасы түгел апатқа ұшырап, Мұхамед пен оның ағасы екеуі ғана балалар үйінен бір-ақ

шыққан. Шығармада осы сұмдық оқиға сырттай ғана баяндалып, бүкіл бір халықтың ойранын шығарған орасан трагедия кездейсоқ оқиғалардың салдарындай, тым қысқа, сырттай баяндалып өткен. Бұл түсінікті де өйткені қылышынан қан тамған кеңестік цензура кезінде мұндай геноцид аштық туралы ашық айтуға қатаң тыйым салынғаны мәлім. Соған қарамастан, автор өз әулетінің басынан өткен ауыр жайтты амалын тауып әңгімелеп өтуі арқылы бүкіл ұлт басындағы нәубетті айтуының өзін үлкен батылдық деп қабылдағанымыз абзал.

Мұхамедтің ағасы болса, майданға бұдан бұрын аттанып, көп ұзамай ерлікпен қаза табады. Сөйтіп, бүкіл бір жанұядан жалғыз басы қалған жаяу әскер Мұхамед ендігі алдынан тосқан кезекті алып сынақ – алапат аяусыз соғысқа бойындағы барлық күш-жігері, қайрат-қуатын сарқа жұмсап, қаймықпас қаһарымен кіріседі.

Әке-шешенің аялы алақанын сезіне алмай, жанұялық жылылықтан зорлықпен ажыратылған өңшең жетімдер жиналған балалар үйіндегі жан бағудың, тірі қалудың қатыгез, қатал сынағынан, расында, туған ағасының жанында болуының да септігімен шындалып өскен Мұхамедтің соғыстың сәт сайынғы үрейінен сескене қоймауы да сондықтан. Алғашқы сәттерден-ақ бөлекше батылдығымен, өршіл өжеттігімен көзге түскен жас солдат бөлімше командирі дәрежесіне де тез тағайындалады. Дей тұрғанмен, солдаттың, яғни автордың өзінің қан майдан арасында жүріп жазған Күнделігі негізінде дүниеге келген осынау шыншыл шығармада кеңестік әскердің жасампаз ерлігі, жау атаулыны жайпап кете беретін жойқын құдіреті, әскер атаулының барлығының қып-қызыл патриоттығы жөніндегі көзжұмбайлық құрғақ мақтау, жоқты бардай етіп бұрмалаулар мүлде кездеспейді. Керісінше, қызыл әскер қатарында, тіпті командир деңгейіндегі Власов, Громов сияқты алаяқ сұмдардың арам әрекеттері, қырық жерден қырғын болып жатса да, пиғылы бұзық жандардың пасық ниеттері қалмайтыны, ақыры солардың қатарындағылардың ел ішіне іріткі салуы, Отанын тастап басқыншы жау жағына шығуы тәрізді барып-тұрған сатқындық бейнелері ашық әшкереленеді.

«Солдат соғысқа кетті» романының мазмұны бас кейіпкердің тікелей басынан өткен оқиғалар тізбегінен тұрғанымен, оны тұтас желіні құрайды деуге келмейді, яғни бір сюжеттің өрістеп, ширатыла келіп, ақырында шешімі тарқатылатын әдеттегі көркем шығармалардан болмысы бөлек. Бұл түсінікті де. Өйткені соғыс тақырыбы болғандықтан, апта, айлар тұрмақ, ертең, тіпті дәл қазіргі

сәтте не болып кететінін ешкім білмейді. Сондықтан бүкіл роман бірнеше катерлі де қауырт әскери операциялардың жүзеге асырылуы: неміс әскері басып алуға жанталаса ұмтылған стратегиялық маңызды биіктікті бар-жоғы жеті жауынгердің жанқиярлықпен бермей ұстап тұруы, енді бірде, терең жау тылында қалған танк экипажын құтқару, батальондарды жау қоршауынан алып шығу, тіпті ішкі диверсиялық әрекеттерге қарсы барлау жұмыстарын жүргізу тапсырмаларын орындау кезіндегі қарапайым солдаттар мен командирлердің іс-қимылы, мінез-құлығы мен болмысын боямасыз, ашық һәм нақты баяндаумен ерекшеленеді. Осындай әрбір тапсырманы орындау үстінде Мұхамед жаңа ғана жанында жүрген, бір жұтым суды бөліп ішіп, бір шылымды кезек тартып, әңгімелесіп отырған кандыкөйлек жолдастарынан айырылады. Аман қалу үшін, қасындағыларды жоғалтпау үшін сәт сайын ажал оғын сеуіп жатқан дұшпаныңды жою керек. Бұл жерде тастай бекінген қайрат-жігермен қатар, аянбас қатыгездіксіз болмайды. Соғыс дегеннің де шындығы сол қатыгездік қой, анығында. Десе де, біз оқ пен от кешіп жүрген жауынгер Мұхамедтің ұрыс даласындағы іс-қимылдарынан, бойынан, бауырмалдық, адамгершілік, әділдік, қасиеттерінің жиі куәсі боламыз. Ол жау ұшағын атып түсірген жауынгер Мейірмановтың ерлігін сұрқиялықпен пайдаланғысы келген арамзаларға ашық қарсы шығып, ерліктің шын иесін қорғауы, ұрыс даласында осалдық танытқан Демин сияқты қатардағы солдатқа жанашырлық танытып, арашалап қалуы, өз өмірін қауіпке байлап қоршауда қалған отрядтарды құтқаруы, тағысын тағылар.

Ең сұрапыл соғыстың ішінде екі мінез, екі дүние, екі әлем қатар тұра алуы түсінікті. Оның бірі – етің тұрмақ, сүйектен өтетін сызды окоп, алдында, төбеңде ажал төгіп анталаған бітіспес жауың, сөйте тұра әрбір солдат-пенденің шыр етіп дүние есігін ашқан туған жері, ымырт құшағында мүлгіген тымық дала, оның айнакөлінен көтеріле ұшқан қаз-үйректің қанатының сымсылы, алыста қалған туған ауылының тылсым демі көз алдынан кетпей, ұдайы есіне түсері кәміл.

Сарбаз Мұхамед те ұрыс саябырсыған бір сәттерде ойға кетіп, жиі мұңға батады, ел-жұртын, атамекенін аңсайды, әкенің қамқорлығынан, ананың мейірімінен тым ерте айырылса да, әсіресе бірге есейіп ер жеткен жалғыз ағасын шексіз сағынады. Иә, шығарманың көзбен жүгіртіп өтетіндей жеңіл оқылмайтыны, ойлы, салмақты, әлбетте мұнды екендігін айтуымыз да сондықтан.

Бір кезде бала болса да, балалық шағы болмаған Мұхамед өмірдің ащы дәмін молынан татқанымен, туған еліне, халқына деген махаббаты мен адалдығы жоғары. Содан болар, ұрыс үстінде, жауға аттанар сәтінде алыстан жемтігін көрген дала қыранындай, көзі кек отына тола тайсалмай шүйлігеді.

«Солдат соғысқа кетті» романы соғыс атаулының адамзат үшін орасан опат екендігін, адам өмірінің әрдайым қыл үстінде тұрғандай тым әлсіз қорғансыздығын, қатыгездік пен қиянаттың жосықсыздығын, мұндайда «қанға – қан» қағидаты үстемдік құрғанымен, десе де нағыз азамат үшін гуманизмнің, кісілік пен ізгіліктің ешқайда жоғалып кетпеуі қағидасын мәлімдейтін, демек қанша қырғын болса да, арғы ата-бабалардан мұралықпен жететін тектілік, пайым-парасат, адамдық қасиеттерді ту етіп ұстағанда ғана, адам баласының алмайтын қамалы, жеңбейтін қиындығы болмайтындығы туралы ұлы сенімге бастайтын, ескірмейтін ақиқат туынды дер едік.

kazanalytics.kz

Алмабек ИБРАЙЫМОВ

КЕМЕЛ ТОҚАЕВ ТУРАЛЫ БІР ОЙ

Шытырман хикаялы проза жанрында қалам тартқан жазушылардың арасынан шоқтығы биік тұлғалардың бірі Кемел Тоқаев еді. «Әке туралы толғаныс» кітабын оқи отырып, Кемел Тоқаевтың балалық шағының да ел басына күн туып, қилы замандар мен күрделі кезеңдерге тап болғанын, ағасы Қасым екеуінің бір күнде ата-анасынан, кейіннен соңынан ерген қарындасынан айырылған ауыр трагедияны бастан өткергендігін аңғарамыз. Алапат аштықтан енді ғана ес жия бастаған кезде, сұрапыл соғыстың ызғары да келіп жеткен еді. Жар сүйіп, балалы-шағалы бола алмай, дүниенің ешбір қызығын көріп үлгерместен қан майданға аттанып, қыршынынан қиылған мыңдаған боздақтың бірі болған Қасым соғыстан қайтпады. Он сегізге енді толар-толмастан өзі де майданға аттанады да, ажал аузынан аман қалып, ауыр жарақатпен елге оралады. Соғыс жылдарында жас Кемел «жығылсаң нардан жығыл» дегендей алабөтен қырғын Сталинград окобынан бір-ақ шығады. Сондықтан орыс жазушысы

Виктор Некрасовтың «В окопах Сталинграда» деген романы сияқты Кемел Тоқаевтың да соғыс туралы жазған туындысы окопта жазған репортаждай оқылатыны жасырын емес.

Романда оның алаулаған Сталинградтың қызыл жиегін көрген алғашқы әсері де ерекше баяндалады. Бұл көрініс оның «Солдат күнделігінен» деген романында арнайы қосымша суреттеледі. Белгісіз солдаттың беймәлім күнделігінің соңында 18 октябрь 1942 жыл деген мерзімі көрсетілген. Соған қарағанда мұны Кемел Тоқаевтың алғаш майдан шебін көрген сәті деп топшылауға болар, сірә?

Сұрапыл соғыс жылдарын артқа тастаған Кемел енді оқу-білімге деген ерекше құштарлықпен өз туған жеріне оралады. Қайсар мінезі мен еңбеккорлық қасиетінің арқасында жоғары білім алған, ұлы Әуезовтің көзін көрген Кемел Тоқаев өзі жастайынан қалаған журналистика саласында ұзақ жылдар қызмет етті. Қалың оқырмандарын қызықтыра білетін тартымды романдар мен повестерін де жазды.

Кемел Тоқаев өз ағасын ешқашан да ұмытқан емес. Ол жөнінде белгілі академик Серік Қирабаев былайша еске алады: «... Осы отырыста ол аяғының жаралану жағдайларын, Сталинград, Белоруссия, Украина, Польша жерлерінде соғысқан күндері жайлы әңгімеледі. Соғыстың қиындығы мен жас кезінде басынан өткен ауыр жылдарды жазушы сияқты әңгімелегеніне сүйсініп қалып едім. Бойында жазушылық дарын барын кейін байқадық қой. Ұзақ отырыстағы әңгіме біріне-бірі жалғасып, өзінің жетімдік өміріне ұласты. Аштық кезінде бұл отбасы Фрунзеге (қазіргі Бішкекке) көшіп келіп, сол жерде ата-анасынан, қарындасынан айырылыпты. Қасым деген ағасымен екеуі балалар үйінде тәрбиеленгенін де осы тұста естідім. Ағасын аузынан тастамайтын. «Өзіме қамқор болған ағаның майданда қаза болуы мені шын жетім етті. Оны ұмыта алатын емеспін. Жаңа туған тұңғыш ұлымның Жомарт деген атына Қасым ағамның атын қосып атап жүрмін» деп еді. Осы әңгімені көңілі босап, көзіне жас үйіріліп, егіліп айтты. Кейін үйінде болғанда кішкентай Қасымжомартты көрсетіп, «Менің ағамның атын қойған ұлым – мынау» деп көрсеткен».

Бұл сөзді Қасымжомарт Кемелұлы да «Әке туралы толғаныс» кітабында жазған: «Әкей өмір бойы ағасын сағынып-іздеумен өтті, оның қайтып ораларына шексіз үміттенді, бірақ мұның орындалмайтын арман екенін білді. Алайда ғайыптан, бәлкім, мүлде басқаша боларына сенгісі келді, өйткені Қасым Тоқаевтың жерленген жерін нақты білген жоқ қой. «Қара қағазда» бұл туралы ештеңе айтылмаған, тек

МАЗМҰНЫ

Бас редактордың кіріспе сөзі	5
Кемел Тоқаев	7
Тоқаев Қ. Әке шығармашылығы туралы толғаныс	9
Мұрағат құжаттары	19

Қаламгерлік қарым

Сарғабанда болған оқиға	26
Түнде атылған оқ	64
Соңғы соққы	89
Милиция – қорғаным	105

Заманның сөзін сөйлеген...

Бір мезет – тұтас өмір	120
Заң терминдері хақында	124
Ел шырайы	126
Аға ақылы ұмытылмайды екен	130
Сыр бойында	133
Токты-ака	139
«Егінші – мәрт, жер – жомарт»	147
Адам туралы ойлар	149
Асудан асқанда	152
Кеген кеңістігінде	161

Тұлға туралы толғаныс

Қайсенов Қ. Кемел шағында еді	168
Нұршайықов Ә. Дос қолтаңбасы	172
Исабай Қ. Тоқаевтың үш сыйлығы	188
Әлжанов Х. Кемеліне келген Кемел еді	194
Қирабаев С. Сырбаз	200
Елеукенов Ш. Аты да, таланты да Кемел	203
Ыдырысов Ә. Темірқазық жұлдызым	212
Тарази Ә. Еркектің құрғақ көз жасы	224
Әріпұлы Д. Қадірменді Кемекең	233
Ысқақ Қ. Соңғы кездесу	240

Әкімжанов М. Жақсылығын жар салмаған жан.....	247
Қайырбаева Р. Өнегесі жадымда	253
Сәрсекеев Қ. Жұлдыздар алыстаған сайын айқын көрінеді	255
Мұқай Б. Жұмбақ жан.....	265
Ниязбек Р. Детектив жанрының атасы.....	272
Сарбалаұлы Б. Адалдықты аманаттап... ..	282
Ақыш Н. Соғыс шындығының ұшқындары.....	309
Бекболатұлы Ж. Бекзат болмыс.....	312
Арин А. Писатель, воин, гражданин.....	318
Сәттібайұлы К. Жауынгер, жазушы Кемел Тоқаев қаламының қарымы Жамбыл өңірі тарихында.....	329
«Қара Мысық» оқиғасы.....	330
Кинорецензияшы Кемел Тоқаев	331
Жанабаев К. Неповторимый почерк	344
Муканова Г. Жолбарыс, выигравший бой со смертью.....	360
Касымов Д. Война и мир.....	367
Қантай С. Детектив шыңына шыққан	374
Кәрібай М. Кемел Тоқаевтың «Солдат соғысқа кетті» романы туралы ой	382
Ибрайымов А. Кемел Тоқаев туралы бір ой.....	385
Кемел Тоқаев шығармаларының хронологиялық көрсеткіші.....	389
Кемел Тоқаевтың өмірі мен қызметінің негізгі кезеңдері	398

Кемел Тоқаев

ӨНЕГЕЛІ ӨМІР

156-шығарылым

ИБ № 12254

Басуға 19.09.2018 қол қойылды. Пішімі 60x84^{1/16}.
Көлемі 26,5 б.т. Тапсырыс № 210. Таралымы 50 дана.
Сандық басылыс. Бағасы келісімді.
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
«Қазақ университеті» баспа үйі
050040, Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 71.

«Қазақ университеті» баспаханасында басылды